

Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1325 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 449 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.06.2015 № 449 қаулысымен.

"Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысаны бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 352 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 13, 157-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағы алып т а с т а л с ы н .

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу үшін алым ставкаларын, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 1586 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 45-46, 538-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 1586 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 тамыздағы N 792 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 30, 335 - құжат).

4. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *к. Мәсімов*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң

2008 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1325 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің Салық комитеті Қазақстан Республикасының

Елтаңбасы Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы

КУӘЛІК

Ескерту. Куәліктің нысаны жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.04.2013 № 402 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

(салық қызметі органының атауы)

Салық төлеушінің атауы _____

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

ЖСН/(БСН) _____

Жеке басын куәландыратын құжат _____

Орналасқан жері _____

Тіркелген күні _____

Құрылған күні _____

№ _____ Сериясы _____